



● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ



Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Аптаның басында өңір басшысы Нұралы Садуақасов облыстың телеарна ғимаратында жергілікті БАҚ өкілдерінің басын қосып, баспасөз клубының ашылуы салтанатына қатысты. Бұл орталықтың алғашқы қонағы болған ол журналистер қауымының барлық сауалдарына жауап берді.

— Жаңа жылдың алғашқы күндері Сіздермен жүздескенімізге қуаныштымын, — деді Нұралы Садуақасов. — Баспасөз клубының қайтадан жанданып жатқаны барлығымыз үшін қуанышты жайт. Бұған дейін баспасөз орталығының жұмыс істегені баршамызға

аян. Енді аталған клуб өңірімізде өзекті деген мәселелерді көтеріп, қоғамға өз пайдасын береді деп сенемін.

Осындай ақжарма көңілмен басталған брифинг соңына дейін сол демде жалғасты. Бір сағаттан астам уақытты қамтыған сұрақ-жауап өңіріміздегі көптеген өзекті мәселелердің бетін ашты. Әсіресе, күні кеше ғана жұмысын бастаған Еуразиялық экономикалық одақтың өңірімізге берер пайдасы, қар түскенше созылып кеткен егін орағы науқаны, жол жөндеудегі кемшіліктер, жер учаскелеріндегі дау-дамай, 2014 жылдың аяғына таман өңірімізге республикалық бюджеттен бөлінбеген 2 млрд. теңгеге жуық қаржы, қазіргі "Тобыл" футбол клубының хал-ахуалы және басқалары еді.

СУРЕТТЕ: баспасөз орталығында.
Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

● ТАҒЗЫМ

Өмірі өнеге

Сәлім
МЕНДІБАЙ

Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген агрономы, Халықаралық Еуразия экономикалық академиясының академигі Валентин Двуреченский тірі болса, 7 қаңтар күні 79 жасқа толар еді.

Қазақ елінің тарихында ерекше із қалдырған Валентин Ивановичтің отбасында сол күні облыс әкімі Нұралы Садуақасовтың тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов, Қостанай ауданының әкімі Тәубе Исабаев, Қостанай қаласының әкімі Ахмедбек Ахметжанов болды және В.И.Двуреченскийге «Қостанай



облысының құрметті азаматы» атағын беру туралы құжаттарды табыстады.

Айта кетейік, бұл атақ танымал тұлғаға өткен жылғы 15 тамыз күні облыстық мәслихаттың шешімімен берілген болатын.

Келген қонақтар Валентин Ивановичтің өнегелі өмірін сөз етіп, оның өз ұлдарына, жалпы кейінгі жастарға үлгі екенін әңгіме етті. Шынында да, ол өз елінің шынайы патриоты, өз мамандығының нағыз шебері болатын. Халық жүрегінде де сол қалпында ұзақ сақталмақ.

СУРЕТТЕ: В.И.Двуреченский диқандар ортасында.
(Сурет редакция мұрағатынан алынды).

100
80
60
40
20
100
80
60
40
20
100
80
60
40
20
Синий
Красный
Желтый
Черный

● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Армысыз, ағайын, мал-жан аман ба?

Қыстың көзі қырау, қиыр қырдағы, қиян қыстаудағы жұрттың төрт түліктің киесіне мойын ұсынғаны болар - "ағайын ащы, мал тұщы", биыл қамданған. "Құдайға шүкір", - дейді, ұялы телефоннан сонау Ұлы Жыланшық бойындағы ағайынның бірі, - "Қой жылында - қойдың үстіне боз торғай жұмыртқаласын, қой егізден тапса, шөптің басы айыр туа-



Мал-жан аман ба?

ды. Тегенедей құйрығы, бағланның дәмді еті бар, қорғасындай сүті бал, ақтылы қой өріп, мал бітпес деп ерден түңілмей, шөп бітпес деп жерден түңілмей, тәзімділік танытып отырған ағайын аман болсын деңіз". Ақ адал соғым малын бауыздап, қазы-қартасымен етін жеп, сорпасын ішіп отырған қазақ - текті қазақ. Егер мұны тек ішіп-жеу күйінде ғана түсінсеңіз қателесесіз. Малды қисынсыз ұрып-соқпау, теппеу керек - киесі бар. Қазақ баласы түліктің төлімен ойнап өскен. Бұл мейірім - қайырым қасиеттерінің бір тіні. Біле білгенге, бағалағанға, төрт түлікті өсіріп отырған қазақ - дала өркениетінің үлгісі.

Ежелгідегі аңызда Адам атаның екі ұлы Қабыл бидай, Әбіл қой өсіргенде жаратқан Иеміз құрбандыққа егін емес, қойды таңдайды ғой! Үңіле түссеңіз сыры көп..

Дүние жүзінің 170-тен аса елінде 650 қой тұқымы мен тұқымдық топтары бар екен. "Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір" деген тегін емес. Қой сүті сиырдың сүтінен анағұрлым құнарлы, майлы болады. Қой сүті тым қою болса, оған шамалы су қосатын болған. Су қосылған сүтті ертеректе сүмесін дөп атаған. "Сүтке су қоссаң, сүмесін болады, сөзге сөз қоссаң, сүйесін болады" деген мақал бар.

Сонымен, жаңа басталған қой жылының қандай жаңалықтары бар? Ел билігі не деп жатыр? Айтсақ, бір парасы:

- 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы көлемі 9 пайызға, арнаулы және мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 7 пайызға артты.

- Бұрын жаңа туған сәбиге мемлекет көмек ретінде бір рет 51 мың теңге төлесе, енді жаңа жылдан бір рет 55 мың 500 теңге төлейтін болды.

- Бұрын төртінші бала дүниеге келсе, 86 мың теңге төлейтін, бұдан былай 92 мың 500 теңге төлейді. Бала күтіміне қатысты төлемдер 1000-1500 теңгеге дейін көтерілді.

- Елімізде сенім хатсыз-ақ кісінің көлігін уақытша айдап жүре беретін болдыңыз.

- Көлікпен жүргеніңізде күндіз де, түнде де шамы жағулы болуы керек.

- Көлігіңіз он екі жасқа дейінгі жас балалар үшін арнайы белдік секілді қондырғымен жасақталуы тиіс.

Қой жылы туғандарға жорамал: сәл нәрсеге ашуланады, алған бетінен қайтпайды. Сол сәттерде өзіне де, жанында жүргендерге де қауіпті. Өзін жарға жығатын мінезі - шешімді тым асығыс қабылдайтындығы.

Ең бастысы қой жылы - көк байрағын желбіретіп 1991 тәуелсіз ел атандық! Баянды болғай!

Мешітте мәуліт оқылды

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Мұхтасиф Әлмұхамед молла атындағы қалалық мешітте қасиетті пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с.-ның туған күніне орай, мешіт шәкірттері арнайы салауат айтып, оның дүниеге келуі, пайғамбар болуы, керемет көркем мінезі және қаншама қиындықпен дін насихатын жасағаны жайлы мәуліт қасидаларын оқыды.

- Мәулітті атап өтудегі негізгі мақсат: бүкіл ғаламға мейірім ретінде жіберілген Алла елшісінің есімін ардақтау. Хадисте пайғамбарымыз өз үмметіне: "Кімде-кім таңғы және кешкі уақыттарда маған арнап он рет салауат айтып, сәлем жолдаса, қиямет күні менің шапағатыма бөленеді" деп өсиет қалдырған. Сондықтан пайғамбарымызды еске алу, өмір жолынан өнеге алу, сүннетіне амал етіп, салауат айту әрбір мұсылман баласы үшін парыз болып саналады, - дейді қалалық мешіттің бас имамы Бектұрсын қажы Торғайбайұлы.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: мешіттегі мәуліттен көрініс.



БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ қайтадан жандана бастады

1-бет

Міне, осындай сұрақтарға жауап алған журналистер қауымы қоғам үшін пайдасы бар, халықты толғандырып жүрген сауалдарға айтар жауабы бар билік өкілдерінің басын бір арнаға тоғыстыратын бұл орталықтың үлесі зор болатынына үмітті. Оған осы жүзде-суде жауап берген өңір басшысы Нұралы Садуақасов та ниетті екенін нем бөлсенділік танытатынын жасырмады.

Журналистер қауымы "аграрлық индустриямен қатар, металлургия саласын дамытуда өңіріміз үшін неге зауыт салмасқа?" деген сауалдар қойды. Оған әкім мырза:

- Мұның басын біз бастап та кеттік. Өздеріңіз білетіндей, "ЕвразКаспианСталь" өз өнімін биыл 90 мың тоннаға жеткізді. Әрине, біз кен байытуда біраз жетістіктерге жеттік. Рудный, Лисаков, Жітіқара жерлеріндегі кенді өзімізде өндіретін зауыт керек-ақ. Үкіметте бұл жоспарымыз қаралып жатыр. Сәтін салса, Қостанай мен Рудныйдың арасында зауыт салынып, халық жұмыспен қамтамасыз етіліп, жеңіл және ауыр машина құрастыратын өнеркәсібімізге қажетті металл өнімін өзімізде дайындай-



тын ошақтың болатынына үміттіміз, - деді.

Содан соң Нұралы Садуақасов:

- Келешекте бұл орталықта дәл осындай көкейде жүрген сауалдарыңызды қала, аудан әкімдерімен қатар басқарма және кәсіпорын басшыларына қойып, қоғамға есеп беріп, тұшымды әрі нақты ақпарат алуларыңызға мүмкіндік бар, - деді.

Рождествомен құттықтады

Қарлығаш ОСПАНОВА

Қаңтардың 6-нан 7-не қараған түні әлем православтары Рождество мерекесін қарсы алды. Бұл діни мереке еліміздің барлық өңірінде, соның ішінде біздің облысымызда да жыл сайын лайықты деңгейде тойланып келеді.

Қостанайдағы Константин-Елена шіркеуінде де аталмыш мерекеге арналған құлшылық ету рәсімі өтті. Мерекеге қатысушыларды облыс әкімінің орынбасары С.Карплюк құттықтады. Ол өз сөзінде бейбітшілік пен ұлтаралық келісім біздің еліміздің басты



байлығы екендігін де ерекше атап өтті.

-Құрметті қостанайлықтар, сіздерді облыс әкімінің атынан шын жүректен Рождество мерекесімен құттықтаймын. Елбасымыздың көрегенді саясатының арқасында біздің елімізде тұратын барша дін өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Олардың өз

діни мерекелері мен ұлттық мейрамдарын атап өтуіне де ешқандай кедергі жоқ. Қайырымдылық пен жақсылықтың нышаны саналатын бұл мейрамда баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық тілеймін, - деді С.Карплюк.

Сондай-ақ, шіркеудің владыкасы Анатолий де діни мерекеге жиналғандарды Рождествомен құттықтап, мейірімділік пен ізгілікке, өзара достық пен татулыққа шақыратын бұл мейрамның мән-маңызына тоқталды.

СУРЕТТЕ: облыс әкімінің орынбасары С.Карплюк Рождество мейрамымен құттықтады. Суретті түсірген А. ЖҮЗБАЙ.

● ҰЛЫ ЖЕҢІС – 70

Соғыс ардагерлерін ардақтады

Келіп жеткен 2015 жыл қарсаңында аудандық қорғаныс бөлімінің бастығы Қайыржан Атаев сарыкөлдік соғыс ардагерлерін аралап, майдангерлерді Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрінің атынан құттықтады.

Ізгі ілтипатқа ие болғандардың қатарында - П.Д.Черепяхин, А.П.Евтушенко, Т.Т.Спивак және В.П.Мухачев сынды соғыс ардагерлері болды. Оларды Қой жылымен және Жеңістің 70 жылдығымен құттықтап, зор денсаулық, отбасыларына амандық тілеп, Отан үшін от кешкен ерліктері үшін алғыс айтып, бөріне бірдей сыйлық табыстады.

Ардақталған ардагерлер де өз кезектерінде ағынан жарылып, құттықтаушыларға ақ ниетті ақжарма тілектерін ақтарды.



Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

СУРЕТТЕ: ардагерге құрмет. Суретті түсірген автор.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Ел еңсесін экономика көтереді

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Қалыптасқан қағидаға сай, былтырғы жылды да қорытындылайтын сөт туған сыңайлы. 2014 жыл жұмыр жер бетін мекен еткендер үшін жеңіл болмағаны анық. Жағымсыз жаңалықтарға толы болған жыл әупіріммен аяқталды. Қорытындысы мынандай: АҚШ әскерін Ауғаннан әкетті, Украина батысқа бет бұрамын деп былықты, Қырымға қол салған Ресей әлемдік беделінен айрылып қалды. Аталған елдердегі келеңсіздіктің Қазақстанға тікелей қатысы болмағанымен, саяси-экономикалық тұрғыдан талай дүниеге өзгерісін енгізді. Нақты тоқталар болсақ, Ауған жағынан ағылатын есірткі Ресейге, одан әрі батысқа жеткізетін жолын қазақ елі арқылы салу мүмкіндігіне ие болды. Осылайша Ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіре бастады. Ал, Ресей мен Украинаның жер таласы – қоңсылас елдің жаһандық деңгейде экономикалық бұғаулануымен тынды.

Мұнай бағасының құлдырауы – жығылғанға жұдырықтай тигені анық. Былтырғы жылдың басында қара алтынның құны 115 АҚШ доллары болса, жыл аяғында 60 АҚШ долларына табан тіреді. Мұның үстіне, Ресейдің қаржылық санкцияға ұшырауы – көрші елдермен экономикасын сабақтастырып отырған Қазақстан үшін де ауыр соққы болғаны

сөзсіз. Онсыз да, жұмыр жерді жайлаған қаржы дағдарысының салқынын сезініп отырған елдің өндірісі баяулап қалды. Қарапайым ғана мысал, Қостанай облысындағы "ССКӨБ" АҚ, "Қостанай минералы" АҚ өнімдеріне сұраныс күрт төмендеді. Салдарынан, республикалық бюджетке 17 млрд. теңге табыс түспей қалды.

Осы тектес олқылықтардың орнын толтырып, жұмыр жерді жайлаған қаржы дағдарысына төтеп берудің жолын қарастырып, Елбасымыз қазақстандықтарға күш біріктіру қажеттігін әлденеше рет айтқан еді. Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтап, мемлекетіміздің әлеуметтік жауапкершілігін нығайту мақсатында бірнеше жобаларды жүзеге асыруды ұсынды. Осыны негізге алған ҚР Үкіметі мен Ұлттық банк бірлескен отырысында ел экономикасын деңгейлеу мәселесін көтерді. 2015 жылдың экономикалық саясатын айқындап, нақты өсімді 4-5 пайызға жеткізуге уағдаласты. Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған "Нұрлы жол" бағдарламасын жүзеге асыру, шағын және орта бизнесті дамытудың жаңа жолдары айқындалды.

"Нұрлы жол" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, Тобыл өңірінде де ауыз толтырып айтарлықтай істердің тындырылып жатқанын айта кеткен жөн. Аймақтың экономикасын түрлендіріп, өндіруші кәсіпорындармен

бірге өңдеу орындарын ашу, жұмыс қолын көбейту мәселелері қолға алынды. Облыс әкімінің сөзімен айтқанда, "баламалы кәсіпорындарды дамытып, шағын және орта бизнесті жандандыру, экономикалық деңгейімізді төмендетпей, қалпында ұстау қажет". Қостанай және Жітіқарада арнайы индустриалды аймақтар қалыптастырылып, нақты бағыт бойынша жұмыс істей бастады. Дәл осындай жобаларды Арқалық, Лисаков, Рудный қалаларында да жүзеге асыру жоспарланған. Аталған елді мекендер облысымыздың индустриаландыру саясатына тың серпін берері сөзсіз.

Жалпы, былтырғы жылдың 11 айлық көрсеткішіне көз жүгіртер болсақ, аймақтың әлеуметтік-экономикалық саясатының жақсы өрбігенін бағамдауға болады. Облысымыздың ішкі өнімділігі 1 триллион 400 млн. теңгеге жеткен. Тау-кен өндіріс саласы тұралағанымен, өңдеу жағы қарқын алды. Биылғы жылы да осы межеден түспей, экономиканы еселеу жағы қолға алынбақ. Сарапшылардың есебінше, Еуразиялық экономикалық одақ аясында етек-жеңімізді жиып, экономикамызды нығайтуға мүмкіндік тұмақ. Қазіргі үштікке Армения мен Қырғызстан қосылса ерекше күш аламыз. Олай дейтініміз, тұтынушыларымыздың қатары бірден 180 млн. адамға жетпек. Осыншама тұтынушысы бар қазақ елінен әлемдік дағдарысқа төтеп берері анық.

Көпшілік орындарда қауіпсіздік күшейтіледі

**Шұға
ҚОҢҚАБАЙ**

"ҚР көлік туралы" Заңындағы жаңа өзгертулерге сәйкес көлік нысандарында терроризмге қарсы қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында жолаушыларға және көлік инфрақұрылымы объектілеріне келетін адамдарға (келушілерге), олардың алып жүретін заттарына, оның ішінде қол жүгі мен багажына тексеріп қарауды жүргізу қағидалары әзірленіп, ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 1102 қаулысымен бекітілді.

Яғни, көлік инфрақұрылымы нысандарының кіре-берісінде тексеріп қарау пункттерін орнату қарастырылып отыр. Көрсетілген заңға сәйкес олардың қатарына әуежай, авто және теміржол вокзалдары кіреді. Тексеріп қарауды жүргізу көлік

инфрақұрылым нысандарының күзет қызметіне жүктелінеді. Аталған нысандарында тексеріп қарау жүргізу қауіптіліктің деңгейіне қарай жүргізіледі. Яғни, қауіптің жоғары және шекті деңгейі жарияланған кезде барлық жолаушылар мен келушілер тексеріп қарауға жатады.

Террористік қауіптіліктің қандайда бір қауіп деңгейі жарияланбағанда не қауіптің бірқалыпты деңгейі жарияланған жағдайда ішінара тексеріп қарау жүргізіледі. Ішінара тексеріп қарау күдік тудыратын жолаушылар мен келушілерге қолданылады.

Тексеріп қарауды жүргізетін адамдар жолаушылар мен келушілерге қатысты ілтипатты және сыпайы болуға және олардың ар-намысына тиетін іс-қимылдарға жол бермеуге міндетті. Мүгедектігі бар жолаушылар мен келушілерді тексеріп қарау кезектен тыс жүргізіледі.

Тексеріп қарау кейбір адамдарға қолайсыздық тудыруы мүмкін. Дегенмен, халықтың көп жиналатын орындарындағы қауіпсіздік шараларының күшейтілуіне түсінушілікпен қараған жөн.

Жаңа бағдарлама талқыланды

Жақында Қостанай облысы ТЖД "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" аудан мен қалалық бөлімшелерінде "Нұр Отан" партиясы мен жергілікті билік өкілдерімен бірлесіп, "Нұр Отан" партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында бекітілген "2015-2025 жылдары жемқорлық іс-әрекетіне қарсы" мемлекеттік стратегиялық бағдарлама ережелерін талқылады. Талқылау барысында қабылданған бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне баса көңіл бөлінді. Атап айтсақ, жемқорлық іс-әрекетке қарсы мәдениетті қалыптастыруға, білім мен тәрбиеге, жемқорлықтың туындау алғышарттарын төмендетуге,

сондай-ақ жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіруге бағытталған. Өткізілген іс-шарада ұзақ мерзімді партия бағдарламасының негізгі ережелеріне түсінік берілді.

Мәжіліс соңында, жемқорлықты болдырмаудың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде 2010 жылдан осы уақытқа дейін жемқорлық құқық бұзушылық қызметкерлер тарапынан тіркелмегені аталып өтті.

Қостанай облысы ТЖД "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесінің баспасөз қызметі.



Жаңа төраға өз қызметіне кірісті

Қостанай қ. Облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының жаңа төрағасы болып Арман Шәмшиев тағайындалды. Ол бұған дейін Алматы қаласы Бостандық аудандық №2 сотының төрағасы қызметін атқарған. Жаңа басшыны таныстырған облыстық сот төрағасы Ғалымжан Мырзаке алқа төрағасына табыс тілеп, халық игілігі үшін қызмет етуге тілектестігін білдірді.

Қарапайым азаматтың мәрттігі

Әулиеқол. Облыс бойынша Мәуліт мейрамын алғаш болып Лаврентьев тұрғындары атап өтті. Діни мейрамды ұйымдастыруға аудандық Әмит ишан мешітінің жүргізушісі Бауыржан Қарабасов мұрындық болды. Бұл имандылыққа бет бұрып, Алланың ақ жолына түскен Бауыржанның көптен бергі арманы екен. Өз отбасы атынан жылқы сойып, жиналғандарға дастарқан жайып, аталмыш мерекенің өз деңгейінде аталып өтуіне септігін тигізген игі ісіне аудан жұртшылығы алғыстарын жаудырды.

Спорт алаңы ашылды

Ұзынкөл. Аудан орталығындағы №1 орта мектебінің жанындағы "Жеңіс" стадионында қысқы спорт маусымы ашық деп жарияланды. Салтанатты шараға жергілікті билік өкілдері қатысып, спорт алаңында түрлі сайыстардың ұйымдастырылатынын жеткізді. Бұл арада коньки теуіп, шайбалы хоккей ойнауға, шаңғы тебуге болады. Корттың күтімін спорт бөлімі қадағаламақ.

Жаңа ғимарат пайдалануға берілді

Жанкелдин. "Жанкелдин ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жаңа ғимараты қолданысқа енгізілді. Ашылу салтанатына аудан әкімі А.Кенжеғарин қатысты. Шараның соңы мал дәрігерлерінің қатысуымен өткен жиынға ұласты. Білікті мамандар өз саласындағы түйткілді мәселелерді билік өкілдерінің назарына ұсынды.

Ата-аналар үшін...

Облыста. Ата-аналар үшін облысымыздағы балабақшаларда отбасы және қоғамдық тәрбие сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында сексен жеті кеңестік пункт ашылды. Негізгі мақсаты – мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балаларға психологиялық-педагогикалық көмек беру. Алдағы уақытта ата-аналарға арналған осындай пункттерді ашу жоспарланған.

Ардагерге құрмет

Таран. Аудандық атқарушы билік өкілдері Елбасының атынан жергілікті Ұлы Отан соғысының ардагерлерін жаңа жылдарымен құттықтады. Жеңістің 70 жылдығына орайластырылған шара барысында, қарияларға ҚР Президентінің атынан келген сыйлықтар берілді.

Әнші балапан Аруай

Аманкелді. Ы.Алтынсарин атындағы мектепте бастауыш сынып оқушылары арасында "Әнші балапан" байқауы өткізілді. Кешті мұғалім А.Қанафина ұйымдастырды. Әнші балапандар көрермен қауымды бір серпілтті. Қатысқан 18 үміткердің барлығы да жеңістен дәмелі болғандықтан, қазылар алқасына үздікті бағалау оңай болмады. Десе де, ерекше дауысымен, жұлдыздай жарқыраған 2 сынып оқушысы Аруай Нұрлыбекова "Ертегілер" әнін тамылжыта орындап, байқаудың бас жүлдесін қанжығасына байлады.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ

Қазынамызды байытып, шабытымызды шалқытқан Қостанай меценаттар клубына – мың алғыс



Сәлім МЕНДІБАЙ,
журналист-жазушы,
Қостанай меценаттар клубы
«Қазына» сыйлығының 2007 және
2014 жылдардағы иегері.

Өткен 2014 жылдың аяғында бүтіндей елімізде теңдесі жоқ Қостанай меценаттар клубы өздері белгілеген мәртебелі «Қазына» және «Шабыт» сыйлықтарын он төртінші рет табыстады. Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның сахнасына елімізге белгілі әдебиет пен өнер, мәдениет қайраткерлерімен қоса шығармашылық жолда қанаттары енді ғана қатайып келе жатқан жастар да бірінен соңы бірі көтеріліп жатты. Облыс әкімі Нұралы Садуақасов, Меценаттар клубының төрағасы Василий Розин, тәуелсіз комиссия төрағасы Мұрат Әбеннов бастаған клуб және комиссия мүшелері сыйлық иелеріне алтын жалатқан ерекше әсем статуетка мен сертификат тапсырып, құшақтарын гүлге толтырды.

Өз басым Меценаттар клубы құрылған 2000 жылдан бастап, оның жұмысын мұқият қадағалап, Атымтай жомарт жандардың қайырымдылық істеріне ерекше тәнті болып келемін.

Осы жылдар ішінде «Қазына» мен «Шабыт» сыйлығын 350-дей талантты жандар қанжығасына байлапты. 30-дан астам шығармашылық ұжымның мерейі өсіп, беделі асқақтапты. Оларға сый-сияпатқа 150 млн. теңге қаражат бөлініпті.

Мұның сыртында меценаттар жыл сайын жастайынан ауыр науқасқа шалдығып, емделуге мұқтаж балаларға қомақты қаржы жұмсайды. Оның сомасы жылына 14,5 млн. теңгеге жетіпті. Сондай-ақ қолы қысқа адамдарға коммуналдық қарызды өтеуге, қысқа отын-су алуға да жомарт жандар қол созады.

2013 жылы біздің клубқа сол кездегі Қазақстан Парламенті Мәжілісі әлеуметтік-мәдени дамыту комитетінің төрайымы (бүгіндері Мәжіліс Төрағасының орынбасары. **С.М.**) Дариға Назарбаева да мүше болып кірген еді, оның осы қорға қосқан қомақты қаржысына осы заманғы жедел жәрдем көлігі сатылып алынды, ол енді ел игілігі үшін қызмет етіп жүр.

Қазынамызды байытып, шабытымызды шалқытқан сыйлықтарды тапсыру салтанатында облыс әкімі Нұралы Садуақасов осындай игілікті де шарапатты істің ұйтқысы болған облыстың бұрынғы әкімі Өмірзақ Шөкеевтің есімін құрметпен атады.

2001 жылы жеті қат көкте, ұшақ ішінде, қасиетті Түркістандағы баһадүр бабала-

● СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ



Ақын Серікбай Оспанов



Ұстаз Пиялаш Сүйінкина



Сатирик Бөкеш Айсін

рымызға тәу етіп, Қостанайға оралып келе жатқанда сол Өмірзақ Естайұлының қолынан сыйлық алғаным бар-ды, содан бері Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде мәңгілік тыныстаған Қостанай-Торғай жерінен шыққан тоғыз бірдей даңқты бабамыз жайлы кітап жазу жоспары ойымда

жүретін. Соның сәті 2013 жылы түсті, «Тұмарымыз – Түркістан» атты тарихи-танымдық туынды дүниеге келді. Биылғы «Журналистика» аталымы бойынша алған «Қазына» сыйлығына ұсынған негізгі еңбегім де сол жәдігер еді.

2001 жылы Түркістаннан оралып келе

жатқанда алған әкімнің сыйлығы мен биылғы мерейімнің өсуінің арасында осындай байланыстың болуы да тегіннен-тегін емес шығар...

Оның үстіне 2007 жылы «Әдебиет» аталымына ұсынған «Ілияс Омаров» атты естелік кітаппен бірге Түркістан тақырыбына жазған талай тарихи-танымдық дүниелерім де бар еді. Онда ұлттық даңқ пантеонында жерленген Қарабауан Алдиярұлы туралы да жазған едім, ал Ілияс ағамыз болса сол бабаның тікелей ұрпағы.

Облыс әкімі өз сөзінде бұрын мұндай сыйлықтар шығармашылықпен айналысатын тұлғаларға материалдық қолдау ретінде берілсе, бүгін ол оның бедел-абыройына қызмет ететін тетік екенін қадап айтты. Расында да, кешегі қоғамдық формация ауысқан өлара шақта тығырыққа тірелген жандарды осы клуб қолтықтан демеп, қаржымен қолдаса, бүгіндер олардың шынайы шығармашылығын танып, біліп, мерейін үстем етудің, абырой-беделін арттырудың бір тұтқасы осы мерейлі марапат болып отырғаны рас. Өзіміз де бұл жарасымды жайт, жағымды үрдісті дәл осылайша бағалайтын жандардың біріміз.

Биылғы лауреаттар ішінде облыстық «Қостанай таңы» газеті халыққа танытқан бірнеше жаңа есімдердің болуы біз үшін ерекше қуанышты. Мысалы, бейнелеу өнері бойынша арқалықтық суретші-мүсінші Әбілбек Ұзақов, жанкелдиндік дәулескер күйші Қадыржан Хасенханов, рудныйлық ұстаз Пиялаш Сүйінкина, қостанайлық сатирик Бөкеш Айсін, қостанайлық жас ғалым Денис Качеев, арқалықтық суретші, мүсінші Айдос Есмағамбетов, қостанайлық актер Нұрлыбек Кенжахметов, «Спорттық сән биін» мүгедектер арасында тұңғыш насихаттаушы және орындаушы Аруна Жақсағұлова және басқалары біз үшін ерекше ыстық.

Бүгін мен осы Меценаттар клубы сыйлығының иегері ретінде Мұрат Әбеннов ініміз басқаратын тәуелсіз комиссия мүшелерінің орасан зор еңбегін, асқан жауапкершілігі мен әділ шешімін атап айтқым келеді. Комиссия мүшелерінің қай-қайсысының болмасын өмірлік тәжірибесі бай, әдебиет пен мәдениет мәселелерін жетік білетін жандар. Осы клуб құрылғаннан бері конкурстық жұмыстарға әділ бағасын беріп келе жатқан Кенжебек Үкіулы, Ғұмар Ахметчин, Сергей Харченко, Жанұзақ Аязбеков, Римма Ғайсенова және басқа қазылардың білім-білігіне ешбір жанның күмәні болмас. Әрине, жарыс болған соң жеңіс те, жеңіліс те болады, бірақ әділ шешімге дау айту ешкімге де абырой әпермейтін шара екенін бәріміз де түсінуге тиіспіз. Және мұндай бәсеке жылда өтеді, биыл болмаса, келер жолы бақ жанады, тек төзім мен тегеурінді еңбек болсын. Ал биылғы, 2015 жылғы, конкурс осы бірінші тоқсанда өтеді деп жоспарланған.

Сөз соңында Қостанай меценаттар клубына мәртебесі өскен әріптестерімнің атынан және солардың тапсырмасы бойынша мың да бір алғыс айтамын. Қазынамыз байып, шабытымыз шалқы берсін, достар!

Сыйлық тапсыру рәсімін жылда ерекше сән-салтанатымен өткізіп жүрген облыстық мәдениет басқармасына, оның төрайымы Лариса Сероус ханымға да ризашылықпен рахмет айтамыз.



1954 жылдың көктемі болатын. Орталық Комитеттің қаулысына сәйкес елімізде тың және тыңайған жерді игеру науқаны басталған кез. Шағын ғана Қостанай теміржол стансасына мал, не басқа заттарды тасуға ғана арналған теплушкарлармен еліміздің түкпір-түкпірінен жас энтузиастар лек-легімен келіп жатты. Ал, стансалар мен разъездерде өздерінің иелерін күтіп тұрған ауыл шаруашылық техникасының, құрылыс материалдарының көптігі көз сүрінтерлік еді.

Мәскеуден тағайындалып келген "жиырма бес мыңдықтар" – болашақ кеңшар директорлары мен аудан, облыс басшылары, жергілікті кадрларды ығыстырып, өз биліктеріне кірісіп кеткен-ді. Ал бұған дейін билік басында болып келген, қолдарынан іс келетін біздің азаматтарға тек қазақ аудандары мен шаруашылықтары мүшкіл шағын колхоздарды ғана басқару сеніп тапсырылған болатын.

Осы кезде шағын әңгіменің арқауы болмақшы Жұрқабайұлы Дәуітбай облысымыздағы Введен ауданында прокурор болып қызмет істейтін. Оны өз ісіне адал, әділ, қайырымды, ойын тура айтатын кісі деп еститінбіз. Ел азаматтарының оны Дәке деп сыйлауы да сондықтан болар.

Жетім-жесірге тірек, жылағанға жұбаныш болып жүрген Дәкең сол жылдың ақпан айында келесіз бір әңгімеге ілікті. Қарамағында көмекшісі болып қызмет істеп жүрген жұрдай жетім бір жас маман сол ауданда ауқатты бір кісінің қызымен көңілдес болып, оның ата-анасының алдынан өтуге барғанда, олар: – "жетімнің қолына ұстатып жіберетін қызымыз жоқ" деп қайырып жіберіпті. Бұны естіген Дәкең: "Шырағым, сен болашағың бар, өсетін жігітсің, үй болып кеткенінді мен де құптаймын, ал, әке-шешен жоқ десе, құдалыққа екеңнің орнына мен барайын", депті. Сөйтіп, Дәкең бір демалыс күні жақын бір ауылға ат шанамен бас құдалыққа аттаныпты. Құда болып, құйрық-бауыр жеп үйге оралғанда, ауданда бірінші хатшының нұсқауымен бір тілші Н.Некрасовтың "Генерал Топтыгин" шығармасының ізімен осы құдалық туралы бір фельетон мақала жазып, облыстық "Сталинский путь" газетіне жіберіпті. Бертінде газеттің жарты бетін алып жатқан осы көлемді мақаланы оқығаным бар еді. Мақаланың ортасында үш ат жегілген жеңіл шанада аюдың орнына үлкен тон киген адамның суреті көрсетілген. Аттар қарды боратып перменінше шауып барады, ал төменде: "құдалыққа бара жатқан Введен ауданының прокуроры Д.Жұрқабайұлы" деп көрсетілген. Уақыт өтсе де бұл келемеж сурет көз алдымда. Ауданда басшы қызмет істеп жүрген шенеуніктер туралы мұндай фельетондар тек қана бірінші хатшының нұсқауымен ғана газет бетінде жарияланатын. Ол кезде бұл "өзіне жағымсыз", "айтқанына көнбейтін" басшылардан құтылудың бір амалы болатын.

Дәкең бұған дейін өрөккірек, қарамағындағыларға тек өз ойындағысын істететін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысымен тіл табыспай жүрген көрінеді. Ол кезде партияның араласпайтын саласы жоқ, құқыққорғау органдарының бөделін аяққа басып, кімді жазалау, ал кімге "рақымшылық" жасау, заңнан түсінігі жоқ осы функционерлер, көбіне телефон арқылы шеше салатын. Осының алдында

Соғыс және тың ардагері

Дәуітбай Жұрқабайұлы туралы сөз

бұл хатшы Дәкеңді талай рет заң бұзушылыққа итермелеп, өзінің тамыр-таныстарын қылмыстық жазадан құтқармақшы болыпты. Ырқына көне қоймаған Дәкең ол: "Айтқанымды істемесең партбилетінді столға қой" деп те қоқан-лоқылық жасапты. Әділетсіздікке, заңсыздыққа бармайтын Дәкең, ашықтан ашық: "Партбилетті берген де, алатын да сен емессің, оны қан майданда, қақаған аязда, шабуыл алдында оқопта алғанмын" деп қарсы шығыпты.

Ал Дәкеңнің өмір жолына қысқаша тоқтала кетсек, ол 1908 жылдың қаңтар айында Семиозер (қазіргі Әулікөл) ауданы Тынымбике деген елді мекенде Жұрқабай деген дәулетті кісінің жанұясында дүниеге келіпті. Аталарымыз бұл кісінің байлығы туралы айтып отырғанын талай естігенім бар еді. Кеңес үкіметінің байлардың малын кәмпескелеп, өздерін жер аудару науқаны кезінде, жас Дәуітбай өмірдің көп қиыншылықтарын басынан өткізіпті. Қайда барса да – байдың баласына жол жабық.

Бірақ оның бойында оқуға деген үлкен құштарлық болатын. Ауылдық мектепті тәмамдағаннан кейін, ол осы аудандағы Сәрсенбай елді мекеніндегі көдей балаларына арнап ұйымдастырылған "Казкоммуна" оқу орнына түсуге ұмтылыс жасайды. Бірақ ол баяғы байдың баласы. Өміріне налып, қиналып тұрғанда, жақсыдан шарапат дегендей, сол кезде ауылдық советтің төрағасы болып жүрген Сәрсенбайұлы Мәулет деген атамыз, оны көдей балаларының тізіміне қосып жіберіп, осы оқу орнына түсуге көмектескенін ағаның өз аузынан естігенім бар еді. Содан кейін ол білімін жалғастырып, Қостанай педагогикалық техникумына түсіп, оны ойдағыдай аяқтағаннан кейін, сол тұрған ауылында бастауыш мектептің мұғалімі болып ағартушылық жұмыспен айналысыпты.

1932 жылы мал дегеннен аша тұяқ та қалмаған елге тағы бір нәубет – аштық келеді. Жұрт күйзеліске ұшырап, қырылып жатқанда, өзінің жақын туған-туыстарын алып еті тірі, көзі ашық Дәкең Башқұрт АССР Белорецк қаласына жол тартады. Онда ол ірі тау-кен басқармасына кадрлар жөніндегі столдың меңгерушісі деген қызметке орналасады. Үш жылдан кейін ол көптен жадында жүрген заң мамандығы жолына түседі. Башқұрт АССР әділет халық комиссариаты жанындағы заң оқу орнын тәмамдап, Белорецк қаласындағы адвокаттар коллегиясында адвокат қызметін атқарады.

1941 жылдың тамыз айында Белорецк қалалық әскери комиссариатымен әскер қатарына шақырылған ол, Ленинград майданы 82 зеңбірек батальонында қатардағы жауынгер болып соғысқа қатысады. 1942 жылы Ленинград қаласында кіші офицерлерді даярлайтын курсты тәмамдаған кейін, ол Волхов майданына жіберіледі. Осы жылы қараша айында оқопта шабуылға дайындық кезінде ол партия қатарына қабылданады. Осы шайқаста ауыр жарақат алған Дәкең госпитальде емделіп шыққаннан кейін Симферополь қаласындағы миномет атқыштары училищесіне жіберіледі. Одан кейін 2 Украин майданы 272 атқыштар дивизиясында миномет взводының командирі ретінде Румынияны, Венгрияны, Австрияны және Чехословакияны жаудан азат етуге өз үлесін қосады. "Екінші дәрежелі Отан соғысы" орденімен, "Германияны жеңгені үшін", "Будапешті алғаны үшін", "Венаны

алғаны үшін" медальдарымен марапатталған. Үш рет ауыр жарақат алған Дәкең 1945 жылы Жеңіспен елге оралады.

Облысымыздың Семиозер, Қарабалық, Введен аудандарында аудан прокурорының көмекшісі, соңғы төрт жыл Введен ауданының прокуроры қызметін атқарады.

Жоғарыда айтылған мақаладан кейін Дәкең бұл ауданда қызметін жалғастыру мүмкін болмапты. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы өзінің билігін күшейте түсіп, оны партия қатарынан шығармақшы болып әртүрлі әрекеттерге барыпты. Ал басқа ауданға осындай тең бағалы қызметке бару туралы ұсынысқа ағасы принципті түрде келісімін бермепті.

Бұл түйіктан шығу жолы Дәкеңнің ойына келіпті. Осының алдында ғана Қостанай ауыл шаруашылық техникумын сырттай бітірген ол, "партияның тың игеруге елге бару туралы саясатын құптаймын, мені ауыл шаруашылығына жолдамамен жіберулеріңізді өтінемін" деп республикалық прокуратура мен облыстық партия комитетіне арыз жолдайды. "Жақсы ұйымдастыру қабілеті бар жиырма бес мың коммунист тың және тыңайған жерді игеруге атсалыссын" деген Орталық Комитеттің саяси шешіміне ол кезде кім қарсы шығады. Сөйтіп Дәкең шаруашылығы мүшкіл Қарабалық ауданындағы Ленин атты колхозға басқармалық жұмысқа жолдама алады.

Жақында "Шоққарағай" шипажайында Досмұхамбетов Оразбай деген азаматпен бір палатада ем қабылдап, жатып таныстым. Жауапты қызметтер істеген, сауаты мол, адамға жақын кісі екен. Ол Дәкеңнің атын атағанда бір қызығушылық танытып, сұрастыра бастады. Жолым болғанда Орекең аға туралы көп жақсы пікірлер естіген екен.

Оның айтуынша, Ленин атындағы колхоздың орталығы Қияқты аудан орталығы Бөрлі елді мекенінен 60-70 шақырымдай жерде орналасқан қазақ ауылы екен. Бұл шаруашылық экономикасы кешегідей қалған, жарамды техника деген жоқтың қасы, жыл сайын басқармасы ауысып жатқан колхоз болыпты. Тек қана Орекеңнің атасы Әуесханұлы Фазыл (көпшілік Баған деп атап кеткен) осы колхозда соғысқа дейін және кейін де тұрақты бригадир болып жұмыс істепті. 1941 жылы ол соғысқа алынып тұрған жерінен әскери комиссар: "Досмұхамедов сен колхозға керек адамсың, еліңе бар, майданға еңбек ет" деп, қызыл вагоннан түсіріп үйіне қайырып жіберіпті. Осы Фазыл атам Дәкеңнің адамгершілігі, жұмысты беріліп істейтіндігі, әділдігі туралы айтып отырғанын талай естіп едім, – дейді Орекең.

Дәкең сол жылы облыстық комитеттің қолдауымен жақын жатқан шағын колхоздарды біріктіріп, үлкен бір шаруашылық құрыпты. Жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп, колхозға көптеген ауыл шаруашылық техникасын, дайын финн үйлерінің материалдарын жеткіздіріпті. Жаңа техниканы меңгеретін механизаторларды іздестіріп, кадр мәселесін қолға алыпты. Егін науқанын аяқтағаннан кейін, Дәкең бұрынғы көріксіз кәс үйлерді бульдозермен сырғытып тастатып, оның орнына еңсесі биік жаңа үйлердің қатарын түзетіпті. Ауылды көгалдандыру, аудан орталығына баратын жолды да назарынан тыс қалдырмапты. Бұрынғы ұсқынсыз ауыл енді құлпырып шыға келіпті.

Сол жылы Дәуіт ағайдың еңбегі жанып, шаруашылық бұрын-соңды бұл өңірде

болмаған, гектарынан 30-40 центнерден астам егін өнімін алып, облыс бойынша жоғары көрсеткішке ие болыпты. Элеваторларға тасуға көлік жетіспегендіктен мол астық қырманда тау-тау болып үйіліп жатыпты. Халықтың еңсесі бір көтеріліп қалыпты.

"Дәкеңнің әділдігі, дүниеге, даңққа қызықпайтындығы емес пе", – дейді Оразбай, "сол жылдың күзінде ауыл шаруашылығы озаттарын марапаттау кезінде колхоз председатели Дәкең Ленин орденіне ұсынылыпты және оған қоса, ол кезде тауар тапшы, жеңіл автокөлік сатып алуына рұқсат беріліпті".

Бұны естіген Дәкең облыста тиісті орындарға барып, "колхоздың жетістігіне ұзақ жылдар суығына тоңып, ыстығына шыдап жүрген бригадир Фазылдың қосқан үлесі зор, әділдікке жүгінсек менен гөрі бұл жоғары наградаға ол лайық" деп өзінің пікірін айтып, марапаттау тізіміне осы кісіні қосуда табандылық көрсетіпті. Сонымен бір колхозда екі адамның омырауларына осы жоғары награда – Ленин ордені тағылыпты. Ал жеңіл көлік-автомашинаны жүргізетін менде ересек бала жоқ, оны да үлкен жанұялы Фазылға беру керек депті. Міне, бұл да ағаның әділдігі емес пе.?!

– Мен өзім аңшымын, жылда табиғаты бай сол туып өскен Қияқты ауылына барамын. Кешегі алыстан көз тартатын үйлердің орнында төпешіктер ғана қалған дейді Орекең.

Ал Дәкеңнің туған-туысқа, жетім-жесірге деген қайырымдылығы ерекше болыпты. Болашағы бар-ау деген жастарға өз көмегін аямаған кісі еді деседі. Семиозер аудандық прокурордың көмекшісі болып қызмет істеп жүрген кезінде тұрақты жұмысы жоқ, ауыл баласы Әлсейітұлы Сапа деген ағамызды милиция органына қызметке алғызады. Аға сенімін ақтаған ол, Ташкент қаласындағы одақтық милиция мектебін, Мәскеу қаласындағы ИМ академиясын ойдағыдай тәмамдап, осы салада аудандық милиция бөлімінің бастығы, облыстық ішкі істер басқармасында жауапты қызметтер істеді. Осы салада отыз жылдай абыройлы қызмет істеп отставкаға шықты, "Милиция үздігі" белгісімен және басқа да медальдармен марапатталды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін ағасы Семиозер ауданында адвокат болып қызмет істеді. Бұл салада да абыройлы, өз ісінің жақсы маманы екенін көрсетті. Бақытты жанұя, Рәзия жеңгеміз екеуі 3 қыз, 2 ер бала тәрбиелеп, бәріне де жоғары білім беріп, өмірге аттандырды. Ұлы Болат пен қызы Мәрзия Алматы ядролық институтта жауапты қызметте болды, тағы бір ұлы Дулат КГБ органының ардагері, полковник, қызы Баян медицина ғылымдарының кандидаты, кенжесі Жанат мемлекеттік қызметте болды.

Балаларыма бас-көз болайын деп Алматыға қоныс аударған Дәкең 1998 жылы немере-шөберелерінің арасында о дүниелік болды.

Дәкеңнің ақындық қасиеті де болатын. Оның кіндік қаны тамған ауылы, туған-туыстарына, балаларына арнап жазған өлең шумақтарын оқып отырғанда, ол кісінің көңіл күйі, рухани байлығы жоғары болғаны көрініп тұрады.

Жастарға осы Дәкең сияқты өмірдің қиындықтарын жеңе біліп, жоғары мәдениетті, еліміздің сыйлауға тұрарлық азаматтары болындар дегім келеді.

Ғалихан МӘУЛЕТОВ,
заңгер-қаламгер.

● ...ДЕГЕН ЕКЕН!



Сағындық ДОСМАҒАМБЕТОВ ағаймен кім де болса, сағынып табысары анық. Атына заты сай, себебі ол кісінің жүрген жері ойын-күлкі, өзіл-қалжың, дәмді, татымды әңгіме, жүрек қылын басар домбыра шегін шертіп, жырға да бөлеп тастайтыны бар.

Көп жылдар Әуликөл ауданында ұстаздық етті, аудандық әкімшілікте әр түрлі қызметтер атқарды. Аудандық газеттің бас редакторы болып та сөз саптады.

Сағындық ағайдың алдын көріп, тәрбиесін алған біздер, атап өтсем, сыныптастар: Сәрсенбаев Сағит, Дәріпсалин Мәлік, Мақанов Жәнділде, Сейтқазынов Дүйсенбай, Жұрқабаев Кенжебек және мен өркез аузымыздан тас-тамай құлағын шулатып, көрсек алып-ұшып арсалаңдап шауып барып, арасында телефонмен хабарласып, әйтеуір ағайымыздың амандығын тілеп жүреміз.

Алдымызда төбедей боп ұстазымыз жүрсе алпыстан асқан біздер де алаңсыз еркін жүреміз де.

Бүгінде зейнет демалысында жүрсе де ел пайдасына жарап жүр. Үкімет, әкімет, әкімдер тарапынан алған, марапат сыйлықтары, атақ-дәрежелері молынан бар. Төмендегідей әр жерде ретімен, тосыннан айтқан өзіл-қалжыңдары ел аузында толқындай көпіріп көшіп жүр. Ауада жаңғырып қалқып жүрген қағытпаларын, қалқан құлағыма тиген татымды сөздерін теріп жүріп, қағазға түрте бердім. Нәтижесі, міне, төменде.

ұмыттыратын, кемпіріңмен ауық-ауық ұрыстыратын пәленің басы екен ғой. Кім ойлаған. "Күлсең — кәріге күл" деген. Күл! Күл! — депті сонда.

Үйдің төбесі

Көшеде жұртпен қатар келе жатқанда көптен көрмеген ескі танысы кездесе кетеді. Ерсілі-қарсылы амандық-саулықтан соң:

— Анау көз ұшынан көрініп тұрған көкшіл шатыр біздің үйдің төбесі, — депті Сағындық ағай.

— Үйіңнің төбесін көрсетіп көрімдік дәмепіп тұрсың ба? — депті танысы.

— Жоға! Үйдегі шәйнектің иесі жұмыста, мен де жұмысқа ұшып барам. Тек әйтеуір, "көптен кездескенде үйінің төбесін де көрсетуге жарамды" демесең болғаны — депті.

Ұстазымның айтқандары

Үйтіп-бүйтіп

Сағындық ағайымыздың үйіндегі апайымыз да мұғалім. Зейнеткер. Заңды демалысында жүрсе де мұғалімнің жетіспеушілігінен мектеп шақыртқан соң, азғантай сағатқа келісіп, жұмыс істеп жүргенде дәлізде аяғы тайып, бір тобығын сындырып алып, оған гипс салғызып, оның үстіне қан қысымы көтеріліп, үйінде екі айдай жатып қалса керек. Үйде 2-сыныпта оқитын немересі үшеуі ғана. Әйелі жатып қалған соң ағамыз қазан-ошақты "ұршықтай үйіріп" қасында көбірек жүруіне тура келеді. Жүйкесі жұқарып жүргенде Алматыдағы қайынағасы қоңырау шалып, амандық сұрап, қарындасының жағдайын білмек болады.

— Үйтіп-бүйтіп жүріп жатырмыз. Жағдайымыз жақсы. Жан-жақтағы балалар тегіс аман. Қарындасыңыз да жаман емес. Құдайға шүкір. Әзірге оның бір аяғын сындырып, қан қысымын 120-дан 200-ге дейін көтеріп қойдым. Пенсияға шығардым. Енді оны қат-қабат көрпеге жатқызып қойып, ыстық тамағын істеп беріп жүрмін. Тілдескіңіз келсе, телефонды өзіне беремін, — деп, ағамыз телефон трубкасын келіншегіне ұстата қойыпты.

"Сыңары болмай ..."

Бірде ағайдың Алматыдағы жақын інісі Ерболат Төлегенов (Шақшақ Жәнібек бабамыздың 300 жылдық тойын көтеріскен, өз қаражатына ат үстіндегі бабамыздың ескерткішін жасаып, Арқалық қаласында орнатып, көп еңбек сіңірген, сондай-ақ сонау қиын жылдары республикалық газеттерге де демеушілік жасаған алғашқы бизнесімен, ақын, ғалым) іссапарда жүріп, ағасына сәлем бермек болып Әуликөлге келіпті. Үйді көріп, бөлмелерінің орналасуына, жылу да, суда келіп тұрғанына риза болып, сыртқы ауланы қарап шығып:

— Гаражы да жақсы екен, — деп қуаныпты.

Сонда Сәкең інісіне қарап:

— Шырағым Ерболат, үйдің берекесі мен сәні әйел ғой, жаңа жеңгенді көрдің. Ол осы аудандағы әйелдердің "сұлуы". Ал мына өзің мақтаған гараждың бір ғана кемшілігі бар. Гараждың сәні төрт аяқты машина көрінеді ғой! Сол сыңары болмай гараждың сәні келмей қаңырап тұр, — депті. Ерекең күліп:

— Аға, оны неге ертерек айтпадыңыз. Ол сыңары баяғыда келіп, гаражыңыздың сәнін келтіретін еді ғой, — депті. (Ол кезде Ерекеңнің шаруашылығы да, денсаулығы да онша болмай жүрсе керек. Көп ұзамай ол кісі қайтыс болып кеткенінен жұрт құлағдар болар).

"Иттің баласы"

Сағындық ағай бір үйдің әрі кенжесі, әрі еркесі болғандықтан ба екен, әкесі оған көп ұрыса қоймайтын көрінеді. Қатты ренжігенде ғана әкесі "Ой, әкеңнің", "Иттің баласы" деп екі сөз ғана айтады екен. Әрі кеткенде 5 минутта ол айтқанын да ұмытып кетіп, балаларын айналып, толғанып отыратын кісі болса керек.

Ағамыз келіншек әкелуге Оралға жүрейін деп жатқанда:

— Әй, алатын адамыңның руы не? — деп сұрапты.

— Ой, әке! Соны сұрауды ұмытып жүрмін. Келгесін өзіңіз сұрап аласыз ғой, — дейді біліп тұрса да.

— Әй, иттің баласы! Ол туыс болып шықса, жұртқа қай бетімізбен қараймыз, айналайын-ау, — дейді.

— "Иттің баласы" оның руын, жүзін, ұлтын қайтеді. Әйтеуір қыз бала болса болмай ма, — дейді Сағындық ағамыз да жорта қыңырайып.

— Әй, осы орыс әкеліп біріміз қазақша, біріміз орысша үріп жүрмесек кетті, — деп әкесі бір жағына қарай қисая салыпты.

— Жоқ! Кіші жүзше үреміз, — дейді ағамыз, келіннің кіші жүз, туыс емес екенін солай білдіріп.

"Жеті атамнан сыдыртшы..."

Сәкең әкесі бір жұмыс тапсырыпты, оны ағамыз ұмытып кетіпті. Бірде әкесі істің нәтижесін сұрапты. Ұмытып кеткенін айтады. Әкесі "ой, әкеңнің", — депті де қоя салыпты. Екі-үш минут өткеннен кейін басқа бөлмеде отырған Сәкең:

— Әке! — деп айқайлайды:

— Не, ботам?! — дейді әкесі

Сонда Сәкең:

— Әке, менің әкемді жеті атасынан бері бір сыдыртып берші, — депті.

Үміт

Ағамыз елуге келгенде жеңгеміз босанып, кішкентайлы болыпты. Сол кездегі ауданның бірінші басшысы Еңбек Ері Тұрғынбаев Қабидолла Сағындық ағайдан:

— Атын кім қойдың? — деп сұрапты.

Сонда Сәкең:

— Қабеке, атын Елугүл қоям ба деп ойлап едім, ырым етіп, Дина қойдым, келесісі Құрманғазы не Төттімбет бола ма деген үміт қой, — депті.

— "Үмітсіз — шайтан" деген. Үміттен, — депті Қабидолла ағамыз да қоштап.

Көз бен ми

Сағындық ағамыздың бес-алты жылдан бері көзі ауырып (глаукома) оташының (хирург) алдынан өткенмен де сәті түсіңкіремей жүрсе керек. Оны білетін ауылдың ақсақалы бас ұстап отырып қойдың бір көзін: — Сағындық, көзің ауырып жүр ғой, тез тәуір болып кетсін, — деп Сәкең, екінші көзін бір көзі көрмейтін адамға беріпті. Сәкең ол көзді жемей біраз уақыт қолына ұстап әлгі ақсақалға қарап отырыпты. Оны байқап қалған ақсақал, — Неге жемей отырсың? Ішіндегі қарашығы алынған ғой, — дегенде, Сәкең: — Екі көзді көзі жоқтарға бердіңіз, енді миді кімдерге берер екен деп бақылап отырғаным ғой, — депті.

Ұят болса...

Сағындық ағай 73 жастан (мүшелі) асқан жылдары басы жиі ауырып мазасы кетіпті. Сондай бір өмірден безінген сәтте баласына (есімі тілім ұшында) қарап: — Табаннан кірген ауру көктей өтіп әбден басынып басымнан шықты. Бұл аты өшкірдің екпіні жаман. Алып тынбаса жарар еді, — деп қауып айтыпты.

— Папа қойыңызшы! Ұят болады ғой, — депті тауып сөйлейтін өзілқой баласы.

— Айналайын-ау, несі ұят? 73 деген аз жас емес бір адамға. Әкем 68-інде, ағам жетпісінде кетті. Ал мен олардың жасынан асып барам. Қайта маған ұят шығар?! — дейді ағамыз.

— Жоға, папа! Біз ұялып қаламыз ба деп қорқам. Күні кеше ғана бар ақшамызды жұмсап жібердік. Шыдай тұрсаңызшы енді. "Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады" демеушіме едіңіз осы, — депті қиналып.

Сонда Сәкең ағамыз сабырлы, салмақты кейпімен:

— Ә, онда мен асықпайын! Сендер тиын-тебен жинағанша шыдай тұрайын. Сендерде қаражат жинауға асықпаңдар онда. Барлық балаларға да айтыңдар. Жиған-тергендері болса қажеттеріне тезірек жұмсап жіберсін, — депті.

Пәленің басы

— Аға, мен осы сіздің кейде абыржып қалатыныңызды байқап жүрмін. Нәті, көрілікті мойындайтындайсыз-ау шамасы?! — деп бір әзілдейтін інісі сыналап сұрапты. Сағындық ағамыз ойланыңқырап:

— Әй, ұл! Басыңа берсін! Көрілік деген — ұйқыңды қашыратын, қиялыңды қырдан-қырға асыратын, денеңді құрыстыратын, бетіңді тырыстыратын, ойлағаныңды

Тосын сұрақ

Ағай тағдырдың жазуымен әйелі қайтыс болып екінші рет өзінен он жастай кіші жанға үйленіпті. Бір жүгірмек інісі кездескен сайын "жеңгей қалай?" — деп сұрайтын көрінеді. Тағы бірде сол інісі әдетіне басқанда:

— Әй, інім-ау! Сен осы бала-шағаның амандығын білудің орнына жеңгеннің жағдайына көп алаңдайсың. Сол антұрған сенен "көмек" сұрап, шағымданып жүрген жоқ па, өзі? — депті.

Бұл өмірдің қызығы — қызды күту

Сағындық ағамыздың аудан әкімшілігінде аппарат жетекшісі болып қызмет атқарып жүрген кезі болса керек. Бірде аудан әкімі, оның орынбасарлары ұйымдасқан түрде қайтқан бір кісінің қазасына көңіл айтпаққа кіріп шықпақшы болып уақыт белгілейді.

Айтылған мерзімге бір орынбасары (қыз бала) 30 минуттай кешігеді. Әкім сағатына қарап, тықыршып, дегбірі кетеді. Соны байқап тұрған Сәкең әкімге қарап:

— Бұл өмірдің ең қызықты сәті тағатсыздана қызды күту ғой, — дейді күліп. Қипақтаған әкім де, бәрі де күліп, жүзде-ріне жылылық ұялапты.

Бәрін білгеніңмен...

Бірде жиында отырған бір жігіт ауыздыға сөз бермей білгішсініп, ділмәрсі беріпті. Сонда Сағындық ағамыз әлгі жігітке бағыштап:

— Әй, шырағым! Сен бәрін білгеніңмен бір нәрсені білмейді екенсің. Өзгеге де сөз берсеңші. Тасып сөйлегеніңде таяздығың білініп қалады, — депті қадалып. "Есті" жігіт сап тиылыпты.

Тойдан соң

Сағындық ағай жетпіс жылдық мерей-тойын өткізгеннен кейін екі-үш аптадан соң көшеде тойға шақырылмай қалған танысы кездесіп қалып:

— Иә, той қалай өтті?! Қызықты болған шығар?! — деп ынтыға сұрапты.

Сонда Сәкең ағамыз көкейіндегі кептелген сөзін сезіп:

— Той неге жаман болсын! Нәті, тойдың ең қызығы артында ма дедім. Ол дегенің әйелдерге ең кемінде 1-2 айға әңгіме-ге азық, одан кейінгі кереметі талайлардың өкпе-назын естуді айтсаңшы?! — депті.

**Қалқан құлақ шәкірті
Сапар ӘБІЛКӘКІМТЕГІ.**

● МЕРЕЙ

Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Шындығында, мұғалім болу оңай болып көрінгенмен, ал нағыз ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. "Ұстазды алтын діңгекке теңер едім", – деп ұлы педагог Ы. Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы – қиыншылығы мен рашаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы.

Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері кәсіби ұстаздар жетерлік. Солардың бірі – Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің мұғалімі Бектас Рәзия Мұқсынбекқызы.

Ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған Рәзия Мұқсынбекқызы жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ол – ұлағатты ұстаз. Себебі ғибратты



Шәкірт жүрегіне жол тапқан

Ұлағатты ұстаз Рәзия Бектас туралы сөз

ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя білген Рәзиядай ұстаздың өмірі – болашақ үшін үлкен өнеге.

Ол – Торғай елінің тумасы. Ата-анасы қарапайым шаруа адамдары болды. Аяулы анасы мен асқар таудай әкесі өздері өмір кешкен дәуірдің әсерінен болар, сауат ашпаған екен. Сондықтан да болар өз бауыр еті балаларының тиісті білім алып, үлкен азамат болуын армандады. Сол үшін де барлығын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтыттырмай мөпелеп тәрбиеледі. Әсіресе, қыр гүліндей құлпырған қызғалдақтарының ішінен ең үлкені Рәзияның болашағына ерекше үлкен үмітпен қарады. Жастайынан білімге құштар Рәзия ата-анасының сеніміне еш шүбә келтірген емес.

Мұғалім болу арманы, тұлымды желкілдеген жас қызды мектеп бітірісімен Арқалықтағы Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына өкеледі. 1976 жылы институттың физика-математика факультетін бітіріп жоғары білімді жас маман ұстаздық еңбек жолын бастайды. Сол кездердегі үрдіс бойынша оқу бітірген жас мамандарды облыстың кадрлар жетіспейтін шалғай аудандарына жіберу дағдысы бар еді. Жолдамамен алғашқы еңбек жолын Жанкелдин ауданының "Еңбек" кеңшарынан бастайды. "Жас келсе – іске" дегендей, аз ғана уақытта жас маман аталмыш мектептің тәжірибелі ұстаздарынан мұғалімдік мамандықтың қыр-сырын жан-жақты түсініп, үйреніп, оған өз талпынысын қосып, ұжым ортасында беделді бола білді.

Кейін Арқалық қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеде ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызметті абыроймен жалғастырады.

Уақыт бір орнында тұрмайтыны анық. 2001 жылы отбасылық жағдайға байланысты Рудный қаласына көшіп келіп, мұндағы мұғалімдер даярлайтын бірден-бір жалғыз оқу орны – Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжіне қазақ тілі пәнінің оқытушысы ретінде қызметке орнала-сады.

Содан бері біраз уақыт өтті. Жүйткіген уақыт ешкімге жеткізер

емес... Жақында Рәзия апайымыз зейнеткерлік демалысқа шықпақшы. Өйтсе де бойынан сол бір жастық жігердің ұшқыны жылдар өтсе де әлі де сөнбегенін сөзбен емес, нақты істер арқылы көрсетуде.

Ұстаздың қарапайымдылығы мен ұқыптылығы, еңбекке деген ерекше ынтызарлығы өзгелерден оны ерекшелендіреді. Оның қайсар мінезі, қазақи ақжарқындығы мен қызметіне деген адалдығы жас мамандар үшін үлгі боларлық. Оның мұғалімдік қабілетімен қатар спортқа да бейімі бар екенін колледж қабырғасында оқытушылар арасында дойбыдан өткізілген спартакиададан 1-орын алғанда ғана білген болатынмын.

Қазақтың әйгілі жазушысы Ғ.Мүсірепов "Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы – мұғалім" демекші, Рәзия Мұқсынбекқызы "Бастауыш білім беру" мамандығының 4-курс тобының жетекшісі. Ата-анадан жырақта жүрген студент жастарға оң бағытқа жол сілтер ақылшысы, кез келген сәтте көмек қолын соза білетін қамқор ұстаз.

Ол сонымен қатар колледждің талапты да талантты студенттерінен құралған "Шамшырақ" драмалық театр үйірмесінің көркемдік жетекшісі. Мұның өзі тәжірибелі ұстаздың тағы бір қырын айқындай түскендей. "Бұлақ көрсең, көзін аш" демекші, қаншама дарынды жастардың өнер айдынына еркін қанат қағып, самғау биігіне көтерілуіне дем беріп, ақыл-кеңесін беруде. Аталмыш үйірме арқылы студенттердің тылсым сырға толы театр әлемімен таныстырып, сахна мәдениетін жетік меңгеру мақсатында жемісті жұмыс жасауда. Ол әр кезде өнерлі де өрелі М.Бекқали, Н.Анапияев, Д.Сәбитбек, Қ.Асхат, А.Қалелова, Б.Өмірбек, т.б шәкірттерін үнемі мақтан тұтады.

Ол тек қана нағыз ұстаз ғана емес, өз отбасының мәуелі бөйтерегі. Жолдасы Асқарбек екеуі ата-ана орнын басып, бауырларына қашанда көмек қолын ұсына-тын таза жүректі, мейірімді жандар.

Индира ЖАЙЛАУБАЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің психология пәнінің оқытушысы.

СУРЕТТЕ: Рәзия Бектас.

● БАРЫС-КЕЛІС

Марина КУДРИЦКАЯ:

"ЖАҚСЫ ҰСТАЗ – жақсы тәлім-тәрбиенің өзегі"

Ұлы Абай сарынымен айтсақ, барлығы білім заманында бой емес, ой түзейді. Ал жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, көкейге ғибрат қондыратын ұстаздар үшін біліктілікті арттыру – басты міндет. Білім саласындағы өрелі істердің өзегі болып отырған "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының Қостанайдағы филиалы жыл сайын шет елдерге мамандарымызды жіберіп, отандық оқытудың бағытын дамытып, білім қоржынын молайтуды дәстүрге айналдырған.

Бүгінгі сұхбаттың қонағы – педагогика ғылымдарының кандидаты Кудрицкая Марина Иванқызы. Қазір Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының (ҚМПИ) ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. Осы жылы Марина Иванқызы Англияның Ньюкасл қаласындағы университетте (Newcastle University) біліктілігін арттырып қайтты.

– Марина Иванқызы, сіз барып қайтқан, тарихы 1834 жылдан басталатын Ньюкасл университеті әлемдегі сұранысы жоғары, деңгейі мықты оқу орындарының қатарына жатады екен. Осы сапарда алдыңызға қойған межелі мақсат қандай болды?

– Дұрыс айтасыз, Ньюкасл университеті Англиядағы өзіндік орны бар, әлемге танымал оқу ордасы. Менің ойымша, кез келген ағылшын тілі пәнінің мұғалімі өз карьерасында кемінде бір рет ағылшын тілді елдерде, мейлі Ұлыбритания мен АҚШ, мейлі Канада мен Австралияда болсын, ең алдымен, өзіне тәжірибе жинақтау үшін барып қайтуы керек. Сонда ғана нағыз ағылшын тілінің мұғалімімін, өзіме сенімдімін деп айта алады деп ойлаймын. Бірақ, бұл тек менің педагогикалық ойым. Мен Ньюкаслда ЖОО оқытушыларына арнайы өткізілген курсқа қатыстым. Бұл сапардағы басты мақсатым кәсіби шеберлігімді одан әрі арттыру болды. Сондай-ақ британ мәдениетімен кеңінен танысу бұрыннан бері келе жатқан арманым еді. Аталмыш курста тек студенттерге оқытудың әдіс-тәсілдерін ғана емес, оны тәжірибе жүзінде іске асыруды үйрететін бағдарламалармен таныстық, әр түрлі тренингтерді өткіздік.

– Ал, сіздің сапарыңыз өзіңіз үшін, ҚМПИ үшін қаншалықты пайдалы болды? Қандай тың нәрселер әкелдіңіз?

– Мен, ең алдымен, шетелдік білім жүйесімен етене таныстым. Бізбен бірге әлемнің түкпір-түкпірінен ЖОО өкілдері келіп, өздерінің тәжірибелерімен бөлісті. Тың жаңалықтарын ортаға салды. Қазақстан атынан 24 педагог барды. Оларды Алматы қаласында іріктеп, онлайн курстардан өткізіп, осы сапарға дайындаған болатын. Сондықтан осы жолғы курстың салмағы ауыр екенін барлығымыз түсіндік. Біз де өз қоржынымызда бармен бөлісуге тырыстық. Ньюкаслдан алып қайтқан тәжірибем ҚМПИ студенттеріне үлкен көмегін тигізеді деп ойлаймын. Және де студенттер арасында дедлайн-курстар өткізу ағылшын тілін меңгеріп,



кәсіби жолға түсуге септігін тигізеді екен.

– Қазақстан мен Британ білім жүйелеріндегі ерекшеліктерді атап өтсеңіз?

– Академиялық еркіндік деген бар. Студент оқытушыны, пәнді өзі таңдайды. Оған толықтай құқығы бар. Ньюкасл университеті осы әдіспен оқытуды қолға алған. Біздің кейбір ЖОО академиялық еркіндікке, яғни элективті курстар жүйесіне қарай ұмытылып келеді. Бұл білім сапасына ешқандай кері әсерін тигізбейді. Англияда студенттер білім бағытын және қанша жыл оқитынын таңдау арқылы, болашақ мамандығын анықтауға мүмкіндік алады. Студент-бакалавр оқып жүріп те, өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса береді.

– 2008 жылы Қазақстанның Болон жүйесіне кіруі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі құжаттарын ағылшын тіліне аудару кезінде сіз үлкен жұмыстар атқардыңыз. Толықтырып өтіңізші?

– Аудармалар жүргізу үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінен 2008 жылы шақырту келді. Негізінен сол жылы біздің институт Болонья қаласында өткен университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойған болатын. Осы іссапарда Қазақстан делегациясымен бірге аудармашы ретінде барып қайтқан едім. Кейін менің жұмысым ұнаған болса керек, арнайы министрліктен шақыртыпты. Менің аудармалар жүргізуге қатысуым осылай басталды. Сол кезде ағылшын тілінің оқытушысы болғаным қатты қуандым.

– Сіздің ойыңызша, жақсы ұстаз қандай қасиеттерге ие болуы керек?

– Жақсы ұстаз – жақсы тәлім-тәрбиенің өзегі. Студенттің сабаққа қатынасуы мен үлгерімін қадағалауынан бастап жұмысы сапалы, жауапкершілігі мол маман болуына үлесін қосыуы қажет. Өйткені, ұстаз шәкірті үшін қызмет етеді. Ал жас ұрпақ – елдің болашағы. Қазір, расында да, әлемдік бәсекеге түсу үшін ағылшын тілін үйрену жастар үшін міндетті. Үйренемін дегенге ешкім тұсау сала алмайды, оқу үшін ынта болса болғаны. Мұны 30 жылдық тәжірибеме сүйеніп сенімді айта аламын.

– Англияға жаз мезгілінде бардыңыз. Ньюкасл несімен қызықтырды?

– Ньюкасл – ескі қала. Тарихи мүсіндер қаланың әр нүктесінде бар десе артық айтпаймын. Көз тартарлық ғимараттары мен көпірлері қатты ұнады. Және Ньюкаслда жаңбыр жиі жауады екен. Біз барғанда ауа-райы құбылмалы болды.

– Әңгімеңізге рахмет!
Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.



Шұғанын белгісі

әдебиет пен өнер

● ФОТОЭТЮД



Қыс

Фотоэтюдті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Өлең

Өлең сөздің тәңірі ойдың шыңы,
Мыңнан біреу ұқсатар талдап мұны.
Жүрегіңді сыздатар ән мұздатар,
Өлең қымбат өлшеусіз оның құны.

Жалғыз ауыз жазсам деп қымбат өлең,
Ой санамды қамшылап шыңдап келем.
Алаулар ұшқын сөз оралмай жүр,
Поэзия тұнығың неткен терең.

Құйқылжыған көрікті ой көк дөнені,
Тамсандырып тербейді күнде мені.
Жеткізе алмай сөзбенен дәл қалпында,

Көктем өтті, жаз болды күз де келді.

Айта берсін өлеңі арзан қымбат,
Жүргенім жоқ сатқалы мақтап пұлдап.
Әр ұғымның өлшемі жүрек, ниет,
Ұқса болды бір пенде шын мақұлдап.

Өлең сөзге ғашықпын солай өтем,
Орны бөлек от жалын ала бөтен.
Есік ашқан өмірге ақ құсымның,
Сұңқар даусын саңқ еткен естіп кетем.

Ғабдолла қажы АХМЕТЖАНОВ.

Рудный қаласы.

Сен кеткен кезде...

Арманым сынды екенсің...
Мақпал түн, жұлдыз, ай бәрі,
Болмайтын шығар бірі тең.
Жаның да сенің жайдары,
Не деген көркем жігіт ең!

Жауаңдап жүрген жас жанар,
Табар ед сенен бар емін.
Бөтен ойларға тас қамал,
Тартымды неткен жан едің!

Шуақты күннен бетерсің,
Үндемей тындым мен іштен.
Арманым сынды екенсің,
Түр-тұлғаң түгел келіскен.

Сызылта әуен қосып ең,
Көңілдің тауып пернесін.
Бір медет менен тосып ең,
Қайтейін... Сен де пендесің.

Бақыт тұрса да басымда,
Дүбіріне ердім дүрмектің.
Жүрсең де күнде қасымда,
Осының бірін көрмеппін.

Шарықтап жүрген көңілдің,
Жалауын жерге түсірдім.
Қара мен ағын өмірдің,
Сен кеткен кезде түсіндім...



Ата аманаты



Көтеремге қайсар жаның кекті ме ед?!
Екі ойыңның бола берді-ау, бірі мұң.
Ақынсымақ ардан безіп кетті деп,
Лағыл жырға лағнет айтпа, құлыным!

Ғазиз жанда ғазал жырдың асылы,
Құдыретті Қасым үнмен қайымдас.
Алақұйын айқайшының асылы,
Ақ өлеңге бола алмайды айырбас!

Сал-серінің астарлы ғой сыры өлі..
...Күн астында гүлсіз қалды көп қырат..
Пір тұтқаның асқарынан құлады,
Өлең шіркін, өліп кеткен жоқ бірақ!

Құм астында күңірелді құба бел,
Алақанда ақық өлең, ақырғы үн!
Алты алашқа әкелер деп мұрагер,
Қалқам, саған аманаттап жатырмын!

Мұқағали, Мағжан көшін табарсың,
Жүде, жақсы Жүмекенге жолықсаң.
Еншіңді алып ескі жұртта қаларсың,
Қара өлеңнің киесінен қорықсаң!

Күн секілді көктен ғана көрініп,
Ақ дидарлы айда болғың келеді!
Өр көңілдің өзегінде өріліп,
Өлең болып туылғаның себебі!

Жанашырың жарым ес боп жолықты,
Жұмыр басқа бақ секілді сор да сын...
Саналыға сабыр жолдас болыпты,
Ал, соқпағың сапарыңды оңдасын.
Бара ғой...

Салтанат СМАҒҰЛОВА.



Жыраулардан сөз қалған



Асанқайғы Сәбитұлы (XIV-XV)

"Күнінде өзім болдым деп, Кең пейілге таласпа. Ғылымым жұрттан асты деп, Кеңессіз сөз бастама. Жеңемін деп біреуді, Өтірік сөзбен қостама."

"Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады".

"Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарыңмен сынаспа", "Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас"

"Мінезі жаман адамға, енді қайтіп жуыспа. Тәуір көрер кісіңмен, жалған айтып суыспа"

"Есенінде, тіріңде, бір болыңыз бәріңіз", "Есті көрсең кем деме, бәрі түйгін табылмас";

"Нәпсі алдаушы дұшпанның, насихатын алмағұл, Бақыты оянған ерлердің, әрбір ісі оң болар";

"Сөз сөйлесе жөн біліп, не десе де жа-

расар"; "Ауылдағы жамандар, ел қадірін не білсін!". Болатын адам, өсетін ел тәуір көретінмен жалған айтып суыспайды, болмайтын нәрсеге кіжінесіп, желке құрыстырып ұрыспайды".

Бұл заманда не ғаріп? Ақ қалалы боз ғаріп, Жақсыларға айтпаған Асыл, шығын сөз ғаріп; Замандасы болмаса, Қариялар болар тез ғаріп; Қадірін жеңге білмесе Бойға жеткен қыз ғаріп; Ел жағалай қонбаса, Бетегелі бел ғаріп, Қазүйрегі болмаса, Айдын-шалқар көл ғаріп; Ата жұрты бұқара. Өз қолыңда болмаса, Қанша жақсы болса да, қайратты туған ер ғаріп.

"Иіс майын жамандап, жұпар қайдан табасың? Көлдің суын жамандап, Еділ қайдан табасың?"

Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560)

"Кенелейін деген жігіттің, жылқы ішінде екі арғымағы тел өсер. Сүйінейін

деген жігіттің, сүбеде алтау-жетеу ағайыны тең өсер!" Жоғары қарап оқ атпа, Жуық түсер қасыңа. Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа, күндердің күні болғанда, сол жаман айғақ болар басыңа. Жақсының жақсылығы сол болар, жаманменен бас қосып, сөйлемекке ар етер. Жаманның жамандығы сол болар, сөйлемекке дәйім қара етер. Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң, сол жақсы жамандығың жақсылыққа жыр етер.

"Жамандар қоңқалап, бір жақсыны көре алмайды." "Туырлығы жоқтың, туғаны жоқ, тыраңдап түзге де кетеді."

Ақтамберді Сарыұлы (1675-1768)

"Әділ туған жақсыға, екі даугер жүгінсе, тізесін қисық бұрмаса, асылдығы білінер."

Орын тапқан ер жігіт, жерсіз болар

деймісің. Орда тігіп орнаса, төрсіз болар деймісің!"

"Жаман болса жолдасың, астыңнан өткен сызбен тең", "Жаман туған жігітке, рақатты күн бар ма".

"Сары аязда қата ма, қайнардың аққан тұнығы. Қап түбінде жата ма, болаттың асыл сынығы"

Бұқар жырау (1693-1787)

"Батырлықтан не пайда, халқыңа қайран қылмаса, хандардан пайда жоқ, қарашаны жалмаса"

"Кісілікке қайшы іске қарап тұрмау; Кісілікке қайшы сөзге бас шұлғымау; Кісілікке қайшы былыққа батпау; Кісілік қасиетті ақтау, құдіретті баптау."

"Жақсыға қылған жақсылық, өмірінде тозбайды. Жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды", "жақсы — арына құл, жаман — малына құл".

Би- шешендер айтыпты

"Мал тап, алысқа кет, жалқаулыққа жеңілмей. Мал арыстан-ның аузында, Түрікменнің төрінде, табарсың оны қайраттансаң ерінбей." (Алшағыр би)

"Ер жігітке еңбек ар емес, оны көтермеген ер нар емес." (Шо-қай би).

"Білектің күшінде кеткенінді, біліктің күшімен қайтардым. Най-заның ұшында кеткенінді, тілдің ұшымен қайтардым, – дей келіп, Бөлтірік шешен: "Жақсы кәсіп – анық ырыс" – деген.

"Төккен терің болмаса, елге өкпелеме." "Елдегіні ерге береді, ерге бергенде, төккен терге береді". (Нақысбек шешен).

"Нағыз бақ еңбектіге бітеді. Қызыр оның талпынысын күтеді. Ғұмыр үйретіп, данышпан етеді, сүтпен кірсе, сүйекпен

кетеді". (Киікбай би)

"Тірлік басқа болса да, тілек бір. Бармақ басқа болса да, білек бір".

"Батырлықтан не пайда, халқына қайран қылмаса" (Төле би).

"Атадан жақсы ұл туса, елінің оңы болады" (Қазыбек би).

"Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, бай болып елге пайдаң тимесе, елден бөтен үйің күйсін." (Әйтеке би).

Жігіт кеселші болар, әйелі өсекші болар. Елдің шынары бол-мас, кішінің тұрағы болмас. Ел тозып, ығыр болар, ер қажып, тұғыр болар. Баққаны базар болар, айтқаны азан болар. Күндердің күнінде, ел бір жақсыға зар болар, (Досбол шешен)

Оның бүгін тағы көңіл-қошы болмады. Алпыстың асуынан асып, зейнетке шыққаны көңілге медеу. Жападан-жалғыз, тымырсық, сызды жер үйде тұрғалы ешкім бұған "Ау, қалайсың?!" деп бас сұғып көрген емес. Аядай ғана, 40-50 үйден аспайтын ауыл-үйдің өздерінің де араларында ки-кілжіңдері болып тұратын. Бұның жалғыздығына қарап мүсіркей ме, әлде басқа да әркімнің ішкі есебі бар ма, өйте-уір, қысқы соғым, той-томақ-тан қалдырмайды. Кейде бұл "ұрттап" алған кезде, шақыр-маған жерге тосыннан жетіп ба-руды өдет қып алды.

Әйнегін шаң-тозаң басқан, әктелмеген үйде тірі жан тұрғандай нышан да байқал-майды. Еденнің мөрі құм-топы-рақтан көргісіз. Ауыл арасын-да "Қырсық Құтпан", "Ішкіш Құтпан", орманнан ағаш ұрлап сатып, ақшасын араққа жұмсар деген лақабы баяғыдан бар.

Басы зеңіп барады. Кереу-еттің бас жағында кешегі күннен қалған бос бөтелкелер-де бірде-бір тамшы қалмапты. Киімшең түрегелді. Үстіндегі пенжегін ауыстырмағалы қашан. Ұйықтаса да сол, көше кезсе де сол. Ащы судың арба-уына түскелі ел қатарлы жүріп-тұрып, ас-ауқат ішіп, таза жүруді қойған. Қараңғы үйдегі пештің маздап жанбағанына да біраз уақыт болған. Бірақ Құтпан бұл тірлігіне жата-жас-тана бойы үйреніп те кеткен. Жұрт алдында дабырлап сөйле-мей, бар үнін ішіне бүге отыра-тын ол, бір-екі шөлмекті тың-қита тастағаннан кейін жаны кіргендей болатын. Ол арақты сол үшін сүйеді. Мөлтілдеп тұрғанда шімірікпестен жұтып жібергенде ішіне бір қызу ен-гендей болады да, бара-бара мүлде бөтен кісіге айналасың.

Ойына кешегі отырыс түсті: "Сейтқали кеше не деп еді?... Өзі ішіп алса, аузына келгенді көкі беретін неме екен. Мыл-жың қатындарша өміріне мұң шағып, менің алдымда көзінің жасын сығып алды. Ербасың ез қылып маған ергені ме?... Мен құрдымға кеткен адаммын... Өзінің төрт құбыласы түгел. Әйелі, қызы бар. Қой дер қож-а болмағасын есіре береді де, ан-тұрған!... Менің үмітсіз, қараңғы өмірім оның сүріп жа-тқан дәуреніне тең келер ме?!..."

Жанының жайқалған, бір кездері шуақ болып төгіліп

тұратын нұрын бұл арақпен ішіп, сарқып тастады емес пе? Қазір оның орнында тек қана қара құрдым сызат береді. Жас кезінде жолдастарының кеу-кеулеп: "Құтпан алып қойшы, қане, мықты едің ғой?!" дегені-не масаттанып іше беріпті. Осы-лай мақтанға салынып, өзінің жарты өмірінің өтіп кеткенін де байқамай, томпа мазар боп қалуға аз-ақ қалыпты. Тіпті, мазар болу да бұйырмай ма деп қорқады.

Күс-күс қолымен ол іскен бетін уқалап жіберді де сыртқа шықты. Қар ұшқындапты.

тұрған ақ арақтың буына Құтпан еріксіз көргендей бол-ды.

Бір шөлмекті місе тұтпай, Сейтқали тағы бірнешеуін әкелді. Жуан қырлы стақанды өзінің ебедейсіз саусақтарымен қармап, аузына құйып болып, бір жөткірінде де:

– Аға деймін-ау, сіз маған реңжімеңіз. Мен сізді үлкен деп сыйлаймын. Көпті көрген деп сізден ақыл сұрау үшін кел-емін – деп қызара бөртті. – Сіз мені жап-жас болып елпектеп жүретін желөкпе ақымақ деп ойлайтын шығарсыз... Тссс...

ҚҰРДЫМ (Әңгіме)

Бұның жас кезіндегідей емес, қыс келуін кешуілдетіп жатыр. Қаңтардың қатқан аязы ызғар-лата соққанда қойнына суық әбжылан кіргендей болады. Жер де суыққа шыдамай шаты-нап, жарылып кетіпті. Орта-лықтағы дүкеннен шөлмегін қойнына тыға бүрсендеп келе жатқанда ылғи да осы шыты-нап араларына сызат түскен қара жерге үңілетін. Өзінің де жаны осылай сызаттанып, қара жер кейпіне түсіп, сызаттанып жатқанын қайдан білсін бұл. Тек кей-кейде өмірінің рақым-сыздығына, тағдырының қатал-дығына төңірін кінәлап, іштей күмілжіп қоятын.

Жолда тағы Сейтқұл кез-десті. Оның да бет-аузы күлдіреп ісіп, біртүрлі ұсқын-сыз кейіпке еніпті. Құтпан бұл түрін көріп, еріксіз мырс етті. Түні бойы қазан-ошағының бе-рекесін кетіріп, шаңырағын шайқалтып, әйелі мен қызы-ның жүрегін шайлықтырып, үріккен қояндай бір бұрышқа тықсыратын ол Құтпанның ал-дына келгенде біртүрлі жуаси қалатын. Сейтқали шалбары-ның қалтасынан басы қылтиып, көрініп тұрған шөлмегін қолы-на алып: "Аға, бір демалайық-шы, басым безілдеп әкетіп ба-рады..." деп ым қақты. Өзөзілдей тағырып, ағараңдап

Бұныңыз қате! Үйдегі келініңіз маған: "Ит боп қаңғырып, осы арақтан өлерсің бір күні!" деп ит терісін басыма қаптайды. Мен ондайға көнбек емеспін. Туғалы бері маған, Сейтқалиға, ешкім де дауыс көтеріп көрген емес! – деп Сейтқали еліріп, қолын кеудесіне соғып-соғып алды. Құтпан оны тыңдағаны-мен, көңілі басқа жақта еді. Бұның лепірме сөздерін ұққысы да келмеді. Көз алдын-да көлтілдеп, тұнып тұрған ақ арақты ғана байқады. Жәймен тыңдағандай боп, бет-жүзі бал-бырап, өз ойымен өзі әлек.

Бұл ауылға келгелі қанша жыл боп еді? Есінде жоқ. Өйге-уір, жас еді. Бойында күш-қуаты тасыған, нарттай қызыл, қызулы жігіт еді. Қаладағы жетімдер үйінен осы ауылдағы шаруашылыққа жолдама ал-ғанда көңілі біртүрлі қобалжы-ғандай болған. Өсіресе, бұйра пашты, көзі тұңғыық көк те-ңіздей мөлдіреген Ленаны кимап еді. Соғыста ата-анасы, туыс-туғаны жоқ тұлдыр жетім-дерді сол бір қоңыр қабырғалы көне ғимарат табыстырып, бір үйдің бауырларындай қып өсірген еді. Есінде, асханада та-мақтанып отырғанда Ленаның толқынданған бұрымынан білдіртпей тартып қалатын, сол кезде Лена сөл ғана қабақ шы-

тып "Қойшы!" деп қана қоятын. Бойжетіп, бозбала кезде де Ле-наға көңілі ауып тұратын. Сол сары қызда не күш бар де-сейіші?! Қылжақтап жанынан шықпайтын бозбалаларды ол көзіне де ілмейтін. Тек өзімен оқта-текте кездесіп қалғанда отты жанарын бір қадап, бас иіп қана өтетін. Бұл бала кездегі-дей емес, оған жақындауға именетін. Тек сырттай ғана оның сұлулығына, ерке қылық-тарына сүйсініп жүретін. Құтпан оны ойласа бойына бір қанатты сезім бойлағандай бо-лады да, өз-өзін бақытты сезі-

ды. Бұл да оның артынан еш бармады, қайта басының босаға-нына қуанып та қалғандай бол-ды. Кейін естіді, бұлар ажырас-қаннан соң жылжарым уақыт-тан кейін қаладғы оқыған бір жігітке тұрмысқа шығыпты. Сөйтіп бұның отбасылық өмірі басталмай-ақ жатып, осы арақ-тың кесірінен шарт үзілген еді. Ал қазір кім бұл?... Көзін ашты. Шөлмектер бос қалыпты. Сейт-қали: "Мен қазір алып келе қояйын" деп үйден теңселе шы-ғып кетті. Қараңғы моладай бол-ған бұл үйдің ауыр мысы басып Құтпанның демі тарылып, қысыла бастады. Кір жағалы көйлегінің түймесін ағытып тастады, бірақ бұның да көмегі болмады. Енді қайтпек?... Күткен Сейтқали әлі жоқ. Не болса да, далаға шықпақ. Ор-нынан әрең тұрды. Есіктің ер-неуіне қолын тіреп, дәлізге беттеді. Дәліздің шамы да жа-ғылмапты. Қап-қараңғы, ыз-ғар денесін тоңазытып барады. Бір кезде көзі қарауытып, дүние шыр көбелек айналып кетті. Манағы қысылып, та-рылғаны да ізім-ғайым жоқ бо-лып, біртүрлі рахат күйге ен-гендей болды. Көз алдына бұрын өзі көрмеген ата-анасы келді. Анасының жүзі қандай жылы еді. Әкесі де қолын бұлап бұны шақырып жатыр. Құтпанның оларға бірер сөз айтқысы келді, бірақ дауысы шығар емес. Кенет, ата-анасы-ның жанында өзі бұрын құштар болған Лена пайда болды. Ерке күлкісімен сыңғырлап, ол да бері шақырады. Құтпан оларға қарай тырмысып-ақ жатыр, бірақ болар емес. Өзі тұңғыыққа сүңгіп бара жатқандай, ал қарт ата-анасы мен Лена болса оған сонау биіктен қарап тұрғандай. Қатты ышқынып еді, қол-аяғын ауыр арқанмен матап тастаған-дай қозғалтар емес. Тек өзінің еркімен белгісіз тереңге әкетіп бара жатты. Ауызғы үйдің тас еденіне түбі кесілген теректей көрі денесімен етпетінен құлап түсті. Еденнің буын-буынды қалтыратқан аязы бүйірінен өтіп барады. Тұруға әлі де, күші де жоқ. Өң мен түстің арасын-дағы сағымданған елестер. "Сейтқали қайда?... Ол неге жоқ?..."

Сара ЖАҚСЫЛЫҚ,
Қазанбасы
орта мектебінің
11 сынып оқушысы.
Әулиеқол ауданы.

100
80
60
40

100
80
60
40

Синий
Красный
Желтый
Черный

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 595 қаулысы

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 16-бабының 3-тармағына Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 71 "Ауылдық елді мекендерге

жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4535 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Н.САДУАҚАСОВ.
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 5262 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 595 қаулысымен бекітілген

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алу үшін өтінімдерді қабылдау және нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көтерме жәрдемақы түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары болып табылады.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 ақпандағы № 80 қаулысымен бекітілген "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – Стандарт) нысан бойынша Стандарттың 9-тармағында белгіленген құжаттарды қоса бере отырып өтініш ұсыну болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды тапсырғанын растайтын өтініштің үзбелі бөлігін береді, Стандарттың 9-тармағында белгіленген ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, қаржы қаражатының қажеттілігін есептеуді жүргізеді – 30 (отыз) минуттан артық емес;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – құжаттарды тіркеу;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды, тиісті бұрыштама қояды – 2 сағаттан артық емес.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды зерделейді, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасын әзірлейді – 32 (отыз екі) күнтізбелік күн.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы:

көтерме жәрдемақы сомасын 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті алушылардың жеке есеп шоттарына аударады; сенім білдірілген өкіл (агент) 30 (отыз) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру бойынша шаралар қабылдайды;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі –көрсете

тілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды тапсырғанын растайтын өтініштің үзбелі бөлігін береді, Стандарттың 9-тармағында белгіленген ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді және құжаттарды бұрыштама қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 30 (отыз) минуттан артық емес;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды, тиісті бұрыштамасын қояды және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына береді – 2 сағаттан артық емес.

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды зерделегеннен кейін мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесінің жобасын әзірлейді, оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 32 (отыз екі) күнтізбелік күн.

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы:

көтерме жәрдемақы сомасын 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті алушылардың жеке есеп шоттарына аударады; сенім білдірілген өкіл (агент) 30 (отыз) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру бойынша шаралар қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін береді.

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір іс-қимылдың (рәсімнің) өту блок-схемасы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.


4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасасу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет Қостанай облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекемесі және "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілмейді.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) іс-қимылдарының және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдар реттілігінің сипаттамасы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.



"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір іс-қимылдың (рәсімнің) өту блок-схемасы



"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілемелер:



– мемлекеттік қызмет көрсетудің басы мен соңы



– көрсетілетін қызметті алушы, көрсетілетін қызметті беруші кеңсесі, көрсетілетін қызметті беруші басшысы, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы рәсімнің (іс-қимылдың) атауы;



– келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Постановление акимата Костанайской области от 26 ноября 2014 года № 595

Об утверждении регламента государственной услуги
"Предоставление мер социальной поддержки специалистам
здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры,
спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и
проживания в сельские населенные пункты"

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", пунктом 3 статьи 16 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемый регламент государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты".

2. Признать утратившим силу постановление акимата Костанайской области от 3 марта 2014 года № 71 "Об утверждении регламента

государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и ветеринарии, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4535, опубликовано 16 апреля 2014 года в Информационно-правовой системе "Әділет").

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области Н.САДУАКАСОВ.
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 29 декабря 2014 года под № 5262

Утвержден постановлением акимата от 26 ноября 2014 года № 595

Регламент
государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки
специалистам здравоохранения, образования, социального
обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса,
прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты"

1. Общие положения

